

Қысқаша шолу

Тақырыптық баяндама 29 ■ Маусым 2012 ж.

Ашық аспандағы қара бұлттар Қазақстан және атыс қаруы

Николаас Флоркин, Дәурен Әбен және Тахмина Каримова



Small Arms Survey

Graduate Institute
of International and
Development Studies

47 Avenue Blanc
1202 Geneva, Switzerland

t +41 22 908 5777

f +41 22 732 2738

e sas@smallarmssurvey.org

w www.smallarmssurvey.org

Орталық Азиядағы өзінің кейбір көршілеріне қарағанда, Қазақстан азамат соғысы мен этникалық қақтығыстардан аман қалып, тынышсыз аймақта тұрақтылық аралы атағына ие болды. Сонымен қатар, атыс қару айналымын қадағалау жөніндегі халықаралық процестеріне белсенді қатысып жүрген елде азаматтық тұлғалар тарапынан атыс қаруын сатып алу және оларға иелік етуді реттейтін біршама тиісінше шаралар қабылданған. Алайда, 2011 жылы орын алған экстремистік және лаңкестік астары бар бірнеше қарулы зорлық-зомбылық оқиғасы Қазақстан атыс қаруын заңға қайшы қолданылуынан қауіпсіз еместігін көрсетеді.

Жалпы ұлттық сауалнама, фокус-топтар өткізу кезінде және басқа да зерттеу әдістерін қолдану барысында алынған нәтижелер негізінде бұл баяндама елдегі атыс қаруына қол жеткізу мүмкіндігін бағалайды, отпен атылатын қарудың қылмыс пен қауіпсіздікке жасайтын ықпалын анықтайды және үкіметтің атыс қару айналымын қадағалау жөніндегі бастамаларына шолу жасайды.

Баяндама төмендегі негізгі тұжырымдарға келді:

■ **2010 жылы Қазақстандағы азаматтық тұлғалар иелігінде 190–225 мың дана аралығында отпен атылатын қару болған; халықаралық стандарттар бойынша адам басына шаққанда бұл төмен көрсеткіш болып саналады.** Халық арасында отпен атылатын қаруға иелік ету жастар арасында және қалалық аймақтарда



көбірек тараған, ал оның негізгі уәжі ретінде қылмыскерлерден қорғану қажеттілігі болып табылатын сияқты.

■ **Елдегі қасақана кісі өлтіру деңгейі 1990-шы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай азайғанына қарамастан, ол әлі де халықаралық орташа деңгейден жоғары болып келеді және 2010 жылы 100 мың адамға шаққанда 8-ден аса оқиғаға тең болды.** Соңғы жылдары атыс қаруымен жасалған кісі өлтіру және тонау оқиғаларының саны да өсті, бірақ басқа елдермен салыстырғанда бұл көрсеткіш төмен деңгейде қалып отыр.

■ **Жалпы алғанда оң болып көрінетін Қазақстандағы қауіпсіздік саласындағы ахуал 2010 жылы басталған қылмыстың өсуіне орай, сондай-ақ жақында болған лаңкестік, этникалық және**

саяси астары бар қарулы зорлық-зомбылық оқиғаларына байланысты біраз нашарлап кетті.

■ **Қазақстанның ресми мәлідемелеріне сәйкес, 2003–2009 жылдар аралығында халықтан 60 мыңнан астам отпен атылатын қару жиналған немесе тәркіленген.** Сонымен қатар, бұл мерзім ішінде отпен атылатын азаматтық қарудың кем дегенде 20 мың данасы жойылған.

■ **Қорғаныс министрлігі 2003–2009 жылдар аралығында кәдімгі оқ-дәрілердің артық мөлшерінің 1,1 миллионнан астам данасы (жалпы мәлімденген саны – 2,5 миллион) жойылғанын хабарлады.** Оған қоса, министрлік 2002–2006 жылдар аралығында мемлекет меншігіндегі 38 мың дана атыс қаруы және жеңіл қару-жарақтарды жойғанын мәлімдеді.

■ **Қазақстан оқ-дәрі қоймаларында абайсыздан болған жарылыстардан елеулі зардап шекті,** атап айтқанда 2001 жылдан бері сондай алты ауыр оқиға орын алды.

2011 жылдың соңына қарай «Атыс қаруына шолу» ұйымы жинаған ақпарат Қазақстандағы қауіпсіздік саласындағы жалпы ахуал Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі тәуелсіздік кезеңінде жақсарғанын көрсетеді. Халықты толғандыратын ең ауыр проблемаларды атап өткенде респонденттер жұмыссыздық, денсаулық сақтау және суға қол жеткізу мәселелерін қауіпсіздікке байланысты

мәселелерден жоғары қойды. Соңғы 15 жыл ішінде зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстың жалпы саны азайды.

Дегенмен, Қазақстанды тұрақсыз аймақтағы қауіпсіз ел ретінде қабылдай отырып, бірнеше маңызды ескерту жасаған абзал. Қазақстанның тұрақтылығына төніп тұрған қауіп көрші елдердегі оқиғалармен шектелмейді; оған әлемдік және Орталық Азиялық көрсеткіштерден асатын елдегі кісі өлтіру деңгейі де, соңғы кездегі отпен атылатын қару қолданылып зорлықпен жасалған қылмыстар санының өсуі де жатады. Бірнеше жыл бойы азайып келген жалпы қылмыс саны 2010 жылы өсе бастап 2011 жылы өсуін жалғастырды. Көбінесе қалалық мекендерде кездесетін өзін-өзі қауіпсіз сезінбеу қорғану құралы ретінде отпен атылатын қаруға сұранысты қалаларда және жастар арасында ынталандырады. Басқа теріс үрдістер қатарына атыс қаруын заңсыз жасаудың айтарлықтай өсуі және бас бостандығынан айырылғандар мен жасөспірімдердің қару-жарақты қолдану оқиғалары жатады. Қазақстанда соңғы уақытта өршіген лаңкестік әрекеттер мен соңғы бес жылда орын алған этникалық және саяси астары бар ауыр зорлық-

зомбылық оқиғалары аса алаңдатады. Жойқын дауыл келе жатыр деп айту асыра сілтеу болса да, Қазақстан аспаны бұлтсыз емес екенін атап өткен жөн.

2001 жылдан бері елде орын алған оқ-дәрі қоймаларындағы алты ірі көлемді абайсыздан болған жарылыс мемлекеттік қару-жарақ және оқ-дәрі арсеналын басқарудағы проблемаларды айқын көрсетеді. Жарылыстар адам өлімі мен жарақат алуына, жеке-меншік мүліктің және қоғамдық инфрақұрылымның бүлінуіне апарып соқты. Ұзақ мерзімді қарастырсақ, олар қоршаған ортаға, жергілікті халықтың қалыптасқан өмір салтына және жұмыспен қамтылу мүмкіндіктеріне зиян келтірді. Оқ-дәрі қоймалары маңында тұратын халыққа төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл үйретілмейтіндігі үкіметтің осындай оқиғаларға тиімді жауап беру қабілеті мен ынтасының төмен екендігін көрсетеді. Мемлекеттік қару-жарақ арсеналының, оның ішінде артық оқ-дәрі қорының, қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету келешекте бұндай жәйттердің орын алуына жол бермей ғана қоймай, қарудың заңсыз ұйымдар мен тұлғалардың қолына түсу қауіпін азайтады. Қазақстан бұл бағытта кейбір бір жақты қадамдар жасаса да, ашықтықты арттыру мен

халықаралық ынтымақтастықты ұлғайту әлемнің басқа аймақтары сияқты елге осы саладағы кеңейіп бара жатқан дүниежүзілік білім қорынан пайда алуға көмектесер еді. ■

«Атыс қаруына шолу» ұйымы туралы

«Атыс қаруына шолу» (Small Arms Survey) Швейцариядағы Женева халықаралық зерттеулер және даму институтының (Graduate Institute of International and Development Studies) құрамындағы тәуелсіз зерттеу жобасы болып табылады. Жоба атыс қаруы мен қарулы зорлық-зомбылықтың барлық аспектеріне қатысты қоғамдық ақпараттың негізгі халықаралық көзі ретінде, сонымен қатар үкіметтерге, саяси қайраткерлерге, зерттеушілерге және белсенді тұлғаларға білім қоры ретінде қызмет етеді. Жобада қауіпсіздік зерттеулері, саясаттану, халықаралық қоғамдық саясат, құқық, экономика, даму мәселелері, жанжал шешу, криминология және әлеуметтану салаларындағы білім мен тәжірибеге ие халықаралық мамандар қызмет атқарады. «Шолу» қызметкерлері дүниежүзілік зерттеушілер мен серіктестер желісімен бірігіп тығыз жұмыс жасайды.

Қосымша ақпарат:

Дэурен Әбен, dauraben@gmail.com,
+7 777 262 2501

Баяндаманың толық мәтіні 2012 жылдың 1-ші маусымында жарық көреді.
Ағылшын тілінде: <http://www.smallarmssurvey.org/fileadmin/docs/B-Occasional-papers/SAS-OP29-Kazakhstan.pdf>
Қазақ тілінде: <http://www.smallarmssurvey.org/fileadmin/docs/B-Occasional-papers/SAS-OP29-Kazakhstan-KZ.pdf>
Орыс тілінде: <http://www.smallarmssurvey.org/fileadmin/docs/B-Occasional-papers/SAS-OP29-Kazakhstan-RU.pdf>

